

ҰРПАҚҚА ӨСИЕТ

Жазушы және майдангер, Қазақстандағы детектив жанрының негізін қалаушы Кемел Тоқаевтың өмір тарихы еліміздің Тәуелсіздікке барар жолындағы драмалық оқиғаларды бейнелейді.

Бұл жол ұзақ және қиын болды: 30-шы жылдардың ашаршылық кезеңінде шаңырақтың тірегі – әкесінің, отбасының ұйтқысы – анасының қайтыс болуы, балалар үйі, Ұлы Отан соғысының зұлмат жылдарымен өткен жастық шақ, жалғыз ағасынан айырылуы, денені тесіп өткен оқтың жарасы... Осының бәрі оның мінезін шыңдай түсті, жазушылық, шығармашылық қырларын жан-жақты ашуға көмектесті және қазақ елін жанындай сүйетін бірнеше ұрпақ тәрбиелеуге мүмкіндік берді.

ЕРТЕ ЕСЕЙГЕН БАЛА

...Ол Қаратал өзенінің жағасында, оның бір сәтке тыныш жатқан айдынына қарап ұзақ тұрды, іштей күбірлеп, туған жердің қасиетті суынан қолдау сұрады. Ол су-анадан, көк тәңірінен «ұрпақтарымды аман ете гөр» деп тіледі. Ал тым алыстан қарауытып көрінген алып таулардан бет алған қазбауыр бұлттар ата-бабаларының рухын әкеле жатқандай сезілді...

Жақында большевиктер соңғы сиырды әкетті, енді жас Тоқа қиын таңдауға тап болды: Құдай қосқан жан-жарын, екі ұлын және сәби қызын аштықтан құтқару үшін қайда бару керек? Көбі Қытайға кетіп жатты, бірақ ол бұл ойдан үзілді-кесілді бас тартты, ата-баба тамырынан айырылғысы келмеді. Фрунзеге (қазір – Бішкек) дейін жол біршама таныс еді. Мүмкін, оған сол жерде өз бағын сынап көру керек шығар.

Оған қоса, ол жерде оларды паналата алатын орыс отбасымен келісім де бар еді.

Туысқандарының қолдауын алып, Тоқаның отбасы туған жері Талдықорған облысы, Қаратал ауданының Қалпе аулынан ұзап шығып, жолға аттанады.

Алыс Фрунзеде олар өзін Яков деп таныстырған қожайынның үйіне тақау орналасқан шағын саман үйге қоныстанады. Қаншама қара шаруаны атқарып, ауыр жұмыс істегендеріне қарамастан олар жеке баспана үшін қатты қуанады.

10 жасар Кемел ата-анасына барынша көмектесті. Ол мұны балалық шағынан жасауға әдеттенген, өйткені әкесі үй мен түздің кез келген жұмысын атқара беретін, ал анасы қандай уақыт болса да үй шаруасын дөңгелетіп әкетеді. Оның ағасы, 13 жасар Қасым Болтаев та қолынан келген көмегін көрсетті. Ол қазақтың дәстүрі бойынша атасының баласы болып өскендіктен, жеке құжатында тегі Болтаев деп жазылып кеткен еді.

Отбасын аш қылмай асырау үшін Тоқа бас көтермей жұмыс істейді. Қашанда көңілді

жүретін ақжарқын жұбайы адам төзгісіз ауыр өмір жағдайынан сал ауруына шалдығады. Ішінен езілсе де, сырт көзге білдірмей ол күнде жұбайын жұбатуға тырысатын.

1933 жыл еді. Күн сайын жүз мыңдаған адам қайтыс болып жатты. Қытымыр қыс жақындады, Тоқа еңбегі үшін қожайыннан алған ескі етіктерін нанға айырбастап келуге жергілікті базарға кетеді.

Кемел мен Қасым да уақыттарын босқа жоғалтпай, қандай да болсын азық табу үшін қалаға қарай жолға шығады. Бірақ жұпыны киінген екі баланы жолда милиция ұстап алады. «Қарсылық көрсетсеңдер, құдыққа тастаймыз» деп қорқытып, күштеп арбаға отырғызады. Екі баланың «ата-анасы бар» деп жалынғандарына қарамастан, тәртіп сақшылары құжаттарды шұғыл ресімдеп, ағалы-інілі баланы балалар үйіне тапсырады.

Сол екі арада үйде қайғылы жағдай болады. Қатты суықтан жылынамын деп үйдегі кішкентай қыз пеш алдына жүгіріп келген, алайда ол сүрініп



Жас офицер Кемел Тоқаев

кетіп, ауырып жатқан анасының көз алдында отқа түсіп кетеді. Мұндай сұмдық қасіретке шыдай алмаған, өзі ауыр халде жатқан ананың да жүрегі тоқтап қалады.

Ананың жанайқайын естіген Тоқа мен Яков саман үйге жүгіріп келеді. Отағасы жан-жарын және аяулы қызын құшақтап, қоштасуға қимай, еңіреп жылайды.

Әйелі мен қызын жерлеп келгеннен кейін Тоқа Яковты ертіп ұлдарын іздеуге шығады. Қанша іздесе де жақын жерден таппайды. Көршілердің бірі оларды біреулердің күштеп арбаға отырғызып, алып кетті деп естігендерін айтады.

Онсыз да қайғы-қасіреттен жаны жүдеп қалған Тоқа өзінің бұрынғы қалпына мүлде ұқсамайтын. Балаларды қылмыскерлер немесе сол уақытта кең етек алған адам жалдаушылар ұстап алып кетті деп ойлап, ол үйіне зорға жетіп, Яковқа өзі үшін өмірдің мәні жоғалғанын айтады және егер де қашанда болсын балалары үйге аман-есен келсе, одан оларға қарауды өтінеді.

Бір түнде ол қожайынның үйінен шығып кетеді және содан қайтып оны басқа ешкім көрмейді...

Қасым мен Кемел балалар үйіне ақырын-ақырын үйрене бастайды, басқа аш балалар сияқты күнделікті берілетін нанның әрбір тіліміне қуанады. Олар өз қолдарымен мақта матасынан сөмке жасап қояды және үйге оралғанда өз ата-анасы мен қарындасын «базарлықпен» қуанту үшін сөмкеге қатқан нанның тілімшелерін тығып қоя бастайды.

Екеуіне бірге қашып кету мүмкін емес еді, сондықтан балалар үйінде бір ай болғаннан кейін бірінші болып қашуға Қасымның батылы барады.

Бір апта өткен соң ол балалар үйіне ұнжырғасы түсіп оралады. Қараңғы түскен уақыт еді, барлық балалар ұйықтап жатқан мезгіл. Қасым жатқан балалардың үстімен өтіп, інісінің кереуетіне жақындай түседі. Оның жақын достарының бірі сыбырлап одан қайда болғандығын сұрайды. Қасым оған үйде болған сұмдық оқиға туралы сыбырлап айтып береді. Үш күнгі сенделістен кейін Қасым Яковты тапқан, ал ол сол күні болған оқиғаны жан-жақты жеткізіп, қайғысын бөліскен.

Кемел Қасымның жантүршігерлік әңгімесін мұқият тыңдап, ұзақ үнсіз жатады. Ол жанын қуырған азабын жасырып, терезеден төгілген ай сәулесіне қарап, көз жасына ерік береді.

Ол аспандағы ең жарық жұлдызды көріп, оған өзінің ең асыл ойларын сеніп сыр айтты. Анасы мен әкесі сол көктен, биік шыңнан әрқашан оның арманға апаратын жолына жарық түсірсін деп тіледі.

...Ұйқылы-оюу жатқан ол енді ешқашан аяулы анасының қолының жылуын сезінбейтініне және асқар таудай әкесінің даусын естімейтініне сенбеп еді...

Кемел кенеттен бір жарық үлкен пәтерге кіріп, кеңінен жайылған бай дастарқанға тап болды. Айналасында адам көп, олар мерекелік ұлттық киімде, домбыраның әуенді үні маңындағылардың қуанышты көңіл-күйлерін білдіріп тұр. Қасында әкесі отыр, Кемел не болса да ол оны әрқашан қорғайтынын түсінді. Көп кешікпей анасы да келді. Кемел анасын Қалпеді жүргенде қандай болса, сол күйінде есіне сақтағандай көрді, ол жан-жағына нұр шуағын шашып, көңілді жүрді. Анасы ұлының шаштарын мейірлене ұстап, батасын берді, аппақ ақ тілегін айтты...



Жауынгер Кемел Тоқаев





ӨМІР ҮШІН ӨЛІМ

Барлық жауапкершілікті жете түсініп, Қасым ата-ана ретінде інісіне қамқорлық жасауды өз қолына алды. Інісі де ерте есейіп, ықыласпен оқыды, тәртіпті болды және панасыздықтан шарасыз күйге түскендерді тәртіпке шақырып, балалар үйі көшбасыларының бірі болды.

Оны старостаның орынбасары болып сайлады. Өзінің қоғамдық белсенділігін пайдаланып, Қасым Кемелге қолынан келгенше көмектесті, тіпті асханадан қосымша нан үлесін алып беретін қулық та ойлап тапқан.

Ынтамен білім алу аға-іні үшін негізгі мақсат болды. Себебі тек білім ғана оларға өз қабілеттіліктерін және «үлкендер» өмірінде орын табуға көмектесе алатынын тым ерте түсінген.

Балалар үйінде оқу процесі тиісті деңгейде болмаған еді, сондықтан да Қасым балалар үйінің бастығына өзін және інісін дұрыс оқып, жөнді білім алу үшін басқа балалар үйіне ауыстыру жөнінде өтініш жазуға шешім қабылдады. Тағдырдың жазуына орай, балалар үйінің бастығы бұл тілекке қолдау көрсетті.

Осылайша ағалы-інілер Шымкент мырыш зауыты жанындағы жетім балаларға арналған интернаттан бір-ақ шығып, сол жерде көмелеттік аттестатын алды.

Интернат пен фельдшерлер училищесін аяқтаған соң Қасым институтқа оқуға түсуді және кейіннен Кемелді өзіне алып кету үшін жатақханаға тұруды армандады. Бірақ олардың жоспарына соғыс бөгет жасады.

18 жасқа толғаннан кейін ол әскери бөлімдерде тәрбие жұмысын жүргізуге қажет саяси жетекшілерді даярлайтын курстарда даярлықтан өтті. 1939 жылдан бастап Қасым



жұмысшы-шаруа Қызыл әскерінің қатарында болды. Сондықтан ол алғашқылардың бірі болып майданға шақырылғандардың қатарында болды.

Ағайындылардың қоштасуы ауыр болды. Олар интернат жанындағы сәкіде өздерінің тозығы жеткен аяқкімдеріне тесіле қарап, ұзақ үнсіз отырды. Мүмкін, олар енді қайтып кездеспейтіндерін сезген шығар. Қасым орнынан тұрып, оған әскери комиссариатқа баратын уақыты болғанын айтты. Інісіне өзін шығарып салуға қарсы болды, себебі уақыт болса – кешкі, интернатқа қайтар жолда бірдеңеге ұрынып қалуы мүмкін еді. Олар бір көрісіп құшақтасты да, Қасым басқа әскерге шақырылғандар отырған жүк көлігіне қарай бет алды.

Кемел одан көз алмай, ұзақ қарап тұрды. Қасым да қимастық сезіммен бұрылып, қолын бұлғады. Жылдам қадам басып бара жатқан оның жол бойы көз жасын сұрткені түсінікті еді. Ағасының жылағанын ешқашан көрмеген Кемел де қатты жылады. Жүк көлігі жүріп кеткенде, ол жетім балаларға арналған бараққа әрең жетіп, төсегіне құлай кетті.

Қасым көлік ротасының саяси жетекшісі ретінде 186-шы атқыштар дивизиясының 290-шы атқыштар полкіне түсті және өз інісіне жүрекке жылы тиетін хаттар жазды. Ол хаттардан ініге деген ағаның қамқор көңілінің ықыласы көрініп тұрды. Қасым інісіне оқуға жауапкершілікпен қарауды, қоғамдық тапсырмаларды орындауды және сотқар сыныптастарымен төбелеспей, тыныш жүруді еске салды. Хаттарда соғыс пен өзі туралы ақпараттар өте аз жазылатын.

Сол уақытта бұл хаттар Қасым қатысқан Ржев шайқасы болған жердегі «өлім жазығынан»

жазылған екен.

Бұл қырғын шайқастың Ұлы Отан соғысының ең қанды эпизодтарының бірі ретінде тарихқа енгені белгілі.

Қасым ол жерге қатты аяз болып тұрған қыс мезгілінде келді. Сарбаздар үсіген кезде терінің зақымдалған жерлерін уақытында қармен уқалау үшін бір-біріне көмектесуі тиіс еді. Әсіресе, жаралыларға тіпті қиын болды. Аяқ-қолдары үсіп, қан жоғалту кезінде қалыпты жағдайда аман алып қалуға болатындардың өзі күннің суықтығына байланысты таңу пункттерінде қайтыс болып жатты.

1942-1943 жылдардағы Ржев шайқастары кезеңінде Кеңес әскері тұтқынға алынғандарды қосқанда, 606 мыңнан астам адамнан айырылды.

1942 жылғы 22 ақпанда Қасым да қайтыс болды...

Кемел ағасының ерлікпен қаза тапқаны туралы хабарды – «қарақағазды» алғаннан кейін ұзақ уақыт бұған сене алмады. Кей кезде ол кейіннен өзі жатқан әскери госпитальдарда қолдары мен аяқтары жоқ көптеген солдаттар үйлеріне қайтудан бас тартып, шағын станциялар мен вокзалдарда із-түссіз жоғалып кететіндерін еске алғанда, ағасының ғайыптан пайда болып, тірі келеріне сенген еді. Ол тек ресми хабарлама алғаннан кейін ғана ағасынан мүлде айырылғанын түсінді.

Жиі, тіпті түсінде де, Қасым ағасы оны қиын кездерден сақтандырып, кеңестер беретін. Мұның бәрі өмірлік қажет еді, өйткені соғыс басталғаннан соң жарты жылдан кейін Кемелдің де әскери комиссариатқа баратын кезі келді.

ТАНКІЛЕР ШЫҚСА ҚАЛҚАДАН – ЖАУДЫ ҚҰРТАР ТАЛҚАНДАП

Фрунзе жаяу әскер училищесіндегі сержанттар курсы бітірген 18 жасар Кемел 226-шы атқыштар дивизиясының бөлімше командирі ретінде Сталинград майданына соғысқа аттанды.

Сталинград қорғанысы ұрыстарына үш ай қатысқаннан кейін ол жараланып, әскери госпитальге түсті. Бірақ, онда ұзақ жатпай, тезірек майдан шебіне жіберуді өтінді. Сөйтіп Кемел Тоқаев Бірінші Украина, кейіннен Екінші Беларусь майданының құрамына кірген майдан шебін бұзып өтетін 7-ші гвардиялық танк полкіне қосылды.

Гвардия сержанты Кемел Тоқаев танкілер шабуылында атқыштардың басты міндетін орындады – шабуыл операциялары басталған уақытта танкілерге ілесіп жүріп, қарсыластың адам күшін автоматтан оқ атумен жою тәсілін меңгерді.

Оның негізгі мақсаты немістердің жаяу әскеріне танкі қиратуға немесе гранаталақтыруға мүмкіндік жасайтын қашықтыққа танкілердің жақындауына мүмкіндік бермеу болды.



Бұл тәсілдер мергендік дағдыларын, жақсы дене дайындығын және жылдам жауап беруді талап етті. Үлкен қашықтықтардан өтуге және қарсы атысқа тап болмау үшін ұдайы сақадайсай тұруға тура келді.

Талай рет атқыштарға танкілерге жол көрсетуге тура келген, себебі техниканың ерекшеліктерінен жүрген кезде экипаждың көру бұрышы өте тар болатын. Сондықтан танкілер жауынгерлік бағыттан адасып кетуі мүмкін еді.

Қарсылас лектерін ықтимал жылжыту бағытында танкілер торуылы тактикасы кеңінен қолданы.

Бұл үшін танк взводы алдын ала тасаларға орналастырылды. Немістердің легі жақындаған кезде лектегі бірінші, екінші және соңғы машиналарына оқ жаудырылды. Орын алған опан-топанды пайдаланып, біздің танкілер нысаналы атыс жүргізіп, жаудың техникасын жойып отырды.

Торуыл орнын және танкілердің жақындауы мен шегінуін дұрыс таңдау маңызды болды. Бұл тактика үшін жергілікті жер рельефі бірдей бола бермейтін: танкілердің салмағы 40 тоннадан асатын, олар шалшықтанған жерде немесе өзен арқылы өткелден өткен кезде тұрып қалуы мүмкін еді, сондықтан мұндай тактикалардың кез келген уақытта тиімді болмайтыны түсінікті еді.

Торуыл орнын анықтау үшін далалық жауынгерлік әдісі бар, жергілікті жерді зерттеу, ұрыстың дамуын көру сияқты тиісті қорытынды жасап, ұсыныстарды тұжырымдай білетін, ерекше даярланған жауынгерлер жіберілетін.

Олар сауатты ғана емес, дене дайындығы жағынан жақсы дамыған, «мен атайын, сен тұр» дейтіндей, сайдың тасындай іріктелген жігіттер болуы тиіс болатын.

1944 жылдың тамызында Кеңес әскері Белоруссияны, Украина мен Польшаны азат ету бойынша Екінші дүниежүзілік соғыстың тарихындағы ірі операциялардың бірін жүргізді. Онда төтенше маңызды рөлді танкілер атқарды. Сондықтан 1945 жылғы мамырда Т-34 танкісі атақты «катюшалармен» бірге Ұлы Отан соғысының жеңіс белгісінің бірі болғаны жайдан жай емес еді.

Польша жеріндегі ұрыстардың бірінде Кемел оң аяғынан жараланады. Ол танктен ұшып түсіп,

шамамен он сағаттай ес-түссіз жатып қалады. Оны әскери санитаркалар зембілге салып емдеу орнына жеткізеді. Кемел кейін өмірінің соңына дейін, сұм соғыстағы жаудың аумағында қалып жараланбағанына және тұтқынға түспей аман қалғанына алдымен Алла Тағалаға және ата-баба әруағына талай мәрте алғыс айтқан.

Дәрігерлер оның оң аяғын кесіп алып тастағысы келді, бірақ ол олардан мұны істемеуді өтінеді. Жауынгерді көп қан жоғалтқаннан кейін есін жинау үшін Гомельдегі әскери госпитальге жіберу туралы шешім қабылданады. Ол жерден оны Омбының әскери госпиталіне ауыстырады.

Өмірде сәттіліктің де көмектесетін жері бар, қазақ жауынгерінің емделуіне тым жас, бірақ сол кезде танымал болған Қорған қаласының ортопед дәрігері, аяққа қажетті атақты аппарат жасаушысы Гавриил Илизаров қадағалайды. Сол жылдары ол сүйектерді созу тәжірибелерімен айналысқан болатын. Осы атақты дәрігердің ақыл-кеңесімен Кемел Тоқаев үш айдан артық жаралы аяғын «жетілдіріп», жаңадан жүріп үйренген.

Шынында, сол жылдары жас хирург нар тәуекел деп клиникалық сынаулар жүргізген. Ол аяққа арнайы таңғыш қалақ аппаратын салған.

Кемел балдаққа өздігінен тұра алғанда, ол медицинаның болашақ қайраткері, академик Александр Сызганов басқарған Алматы қаласындағы әскери госпитальге жіберіледі.

Сөйтіп, сүйекті қолдан тұтастыру тәжірибесі сәтті жалғастырылады.

«Ерлігі үшін» алғашқы медалімен ержүрек қызыл әскер 1943 жылғы 5 тамызда наградталды. 2007 жылғы мамырда ғана КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы атынан №7/Р бұйрығының мәтіні құпиясыз етілді. Онда автоматшылар бөлімшесінің командирі гвардия сержанты Кемел Тоқаев «1943 жылғы 17 шілдеден бастап 1 тамыз аралығындағы ұрыстардың барлық кезеңінде танкілердің қасында үздіксіз болған, оларды қорғап, табандылықпен және батыл іс-қимыл жасаған. Зеңбіректен атқылаған оқтың астында танкілермен байланыста болды және мылтық-пулеметтің оқ атуынан қиратылған танкілер мен экипаждардың жағдайын барлау және танкілер үшін өткелдерді іздеп табу бойынша қолбасшылықтың бұйрықтарын орын-

дады. Өз автоматынан 20-ға жуық гитлершіні жойды» деп жазылған.

Кемел Тоқаев Ұлы Отан соғысындағы батылдығы мен ерлігі үшін бірінші және екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, көптеген жауынгерлік, сондай-ақ КСРО-ның мерекелік медальдарымен наградталды.

Соғыстың аяқталуы майдангер Кемел Тоқаевқа бақытты болашаққа жол бастап берді. Бірақ, алда әлі қиын күндер күтіп тұр еді. Себебі, баспанасы, білімі мен жұмысы жоқ II топтағы мүгедекке өмірді қайтадан бастауына тура келді.

Соғыстан келген даңқты сарбаз жоғары оқу орнына оқуға түсу, журналистикалық баспалдақтардан өту және шығармашылық әдеби қызметке кірісу, отбасын құру және төрт баланы өсіріп-тәрбелеу сияқты қарапайым адамның күнделікті тірлігін бастан кешірді. Төрт баланың біреуіне өз ағасының құрметіне орай Қасым деген есімді берді.

Иә, тағдыр бауыр інісіне ең алғаш қамқор қолын созған Қасым ағасына тәуелсіз Қазақстанның желбіреген көк туын көруді жазбапты. Алайда оның жаны, рухы жер үстінен биікке, балалық шағында армандаған көктегі жарық жұлдызға ұмтылды. Алыста қалған ата-бабаларымен бірге әулетінен аман қалған ұрпақтың тілеуін тілеген сол жұлдыздың сәулесі өшпек емес.

Мақалада Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әке туралы толғаныс» кітабының, Кемел Тоқаев атындағы мұражайдың материалдары, сондай-ақ ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтер пайдаланылды.

**Подполковник
Асылыов НҰРТАЗА ТҰРАБЕКҰЛЫ,
Қарулы Күштердің Әскери-тарихи
мұражайының бастығы,
философия (PhD) докторы,
қауымдастырылған профессор**